

6. Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. А., 1993.
7. Әбдезұлы Қ. Қазақ прозасы және ұлттық идея. А., Қазақ университеті, 2005. — 242 б.
8. Бисенғали З.К. Казахский роман начала XX века. А., Қазақ университеті, 2003. - 398
9. Тілепов Ж. Тарих және әдебиет (XIV - XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің тарихынан). А., Жазушы, 2001. - 376 б.

Резюме

Данная статья рассматривает периоды формирования установления художественного перевода казахской литературы; проанализированы лингвистические аспекты переводоведения и тенденции их развития.

Resume

This article looks at the periods of the establishment of literary translation Kazakh literature analyzed linguistic aspects of translation and development trends.

Özet

Bu makalede, edebi çeviri Kazak edebiyatı kuruluş dönemlerinde bakar çeviri ve gelişme eğilimleri dilsel açıdan analiz edildi.

Ғ. Отарбаева

магистрант

Сүлеймен Демирел атындағы университет

Алматы/Қазақстан

Қазіргі қазақ ақындарының метаморфозаларды қолдануындағы гендерлік ерекшеліктері

Жалпы адамзат тарихында ақындық ерлерге тән қасиет, ерлерге тән өнер деп танылған. Тарихқа жүгінсек, ғасырлар бойы әйелдер мен қыздардың, негізінен, поэзияның объектісі болып келгеніне куә боламыз. Қазақ әдебиетінде әйелдердің түрлі себептермен XX ғасырдың ортасына таман ақындар ауылына кәсіби түрде бет бұрып, өз сөздерін айта бастағаны анық. Соғыстан бұрын - Мәриям Хакімжанова, соғыс жылдары - Зияш Қалауова, 60-шы жылдары Тұрсынхан Әбдірахманова, Фариза Оңғарсынова, Марфуға Айтхожина, Ақұштап Бактыгереева, Қанипа Бұғыбаева, 70-шы жылдары - Күләш Ахметова, Ханбибі Есенқараева, 80-жылдары Шәмшия Жұбатова, Гүлнәр Салыкбаева, Баян Бекетова, 90-жылдары - Роза Қараева, Жанат Әскербекқызы, онан кейінгі ХХІ ғасыр тудырған жас ақындар - Назира Бердалы, Құралай Омар, Танакөз Толқынқызы, Анар Шамшадинова, Айгүл Сейілова... Әрине, біз атаған есімдер тек әйел ақындардың бір төбелі ғана.

Дәл ғылыми анықтаудан алыс жатса да, шетел әдебиетінде «Әйелдер прозасы» деген де анықтауыш бар. Орыста әйелдердің әдеби шығармашылығына байланысты «әйелдер әдебиеті», «әйелдер шығармашылығы», «әйелдер эстетикасы» деген түсініктер бұрыннан бар.

Әдебиеті дамыған елдердегі жоғарыдағыдай түсінік-пайымдар қазақ әдебиетіне де тұяқ іліктіріп келеді. Мәселен, бізге «Қыздар поэзиясы» деген түсінік дендеп енді деуге болады.

Поэзияны әйелдер поэзиясы, ерлер поэзиясы деп бөлуге болмайды деушілер де бар. Дей тұрғанмен, әйел мен ердің қоғамдағы статусы, атқаратын рөлі, психологиясы, сөйлеу тіліндегі ерекшеліктердің бәрін жынысқа бөліп қарайтынын ескерсек, поэзияда да әйелдер мен ерлерге тән ерекшеліктер айқын көрініс табады.

Әйелдер поэзиясындағы гендерлік ерекшеліктердің айқын көрініс табуын метаморфозалардың қолданысынан көруімізге болады. Себебі, әйелдер мен ерлердің психологиясы, таным-түсінігі, қоршаған ортаны қабылдауындағы ерекшеліктер құбылушылыққа арқау болады.

Әйелдер поэзиясында, негізінен, нәзік гүлге, шуақты күнге, көбелекке, ақ қарға, құсқа айналу сарыны басым болса, ерлер поэзиясы тауға, асқар шынға, ағашқа, арыстанға т.б. құбылуларға негіз болады.

Мысалы, әйелдері әдебиетінің өкілдерінің көбісіне ақ қарға, жауынға айналу сарыны басым. Қарға айналу метаморфозасы Т.Толқынқызының «Танысалық, мен аппақ қар боламын» атты өлеңінде:

Ақ пен қара өмірдің қос жолағын
Аппақ түске боямақшы боламын.
Ішімдегі сыймаған соң зор ағын
Қарға айналып қара жерге қонамын.
Танысалық, мен аппақ қар боламын.
Ренжітпеңдер ертегі елі қонағын.
Рас, талай жүректерді тонадым...
Ызғарымнан кейде өзім де тоңамын.
...Қолшатырлар шықты міне шеруге.
Шықты, бәлкім, қыс келгенін көруге.
Рұқсат берші ерніне кеп еруге,
Рұқсат берші шыққа айналып өлуге,
Ақ қармын мен деген... [1] –

деп берілсе, Пәлсапалық ойлар мен нәзік лирикалық шығармалардың авторы Назира Бердалы «Қар боп ұшып келемін» атты өлеңінде дәл осы құбылушылық желісін төмендегідей өлең жолдарымен береді:

Қар боп ұшып келемін,
Қалаған жер үрлейтін,
Қалаларда ғана өмір сүрмейтін.
Далаларды, балаларды,
Молаларды құшақтап...
Қыстың биін билейтін.
...Мен суықтан қорықпаймын,
Себебі, өзім суықпын.
Аспан жақта туыппын,
Көктем шақта өлемін.
Ал, әзірше...
Шыр көбелек айналып,
Қар боп ұшып келемін. [2]

Екі өлеңде де тек әйел жанының терең иірімдері, тек әйел затына тән көңіл пернесіне дәл түсер нәзіктік қылы сыр шертеді. Өлеңнен қарға тән суықтық сезіліп тұрғанмен, аппақ қардай адалдық пен пәктіктің, тазалықтың бейнесі қыз болып көз алдыға келеді. Ал, ер азаматтар поэзиясынан қарға айналғысы келген желілер кезестыру қиын.

Ер азамат ақындарымыздан көптеп кездестіретін бірден бір құбылушылық тау-тасқа айналу сарыны.

Тегінде алып батырдың денесі тау-тасқа құбылу, көзден немесе көз жасынан су пайда болу сарыны түрік-моңғол фольклорында жиі кездесетін, жалпы адам баласының ең ежелгі санасынан хабар беретін мифопоэтикалық құбылыс деуге болады. () М. Жұмабаевтың

«Окжетпестің қиясында» поэмасында Пір-баба тасқа айналса, С. Сейфуллин шаршап жатып, ұйықтап кеткен батыр туралы мифті былай жырлайды:

Болыпты баяғыда Жеке батыр,
Тау бағып жатады екен тігіп шатыр.
Бір күні қарауылда қалғып кетіп,
Сол батыр бүгінгіше ұйықтап жатыр.

Бұл жерде батырдың тасқа айналуы өз қалауынан емес, құбылу себебі – шаршап ұйықтап кету. «Көптеген аспани және тотемдік мифтерде тірінің өліге айналуының басты себебі қатты шаршағандықтан болып келеді. Қатты шаршаған мифологиялық кейіпкер қозғалуға шамасы келмегендіктен тасқа айналып тыныш табады»[3] С. Сейфуллиннің осы «Көкшетау» поэмасында Бурабай тасы туралы да миф кездеседі.

Жоқ болып ақ бас бура көп күн өткен,
Қасымның қан қолынан қаза жеткен.
Бір күні таудай болып шөгіп жатқан
Бураны көреді жұрт өткен-кеткен.
Құбылаға басын беріп шөгіп жатқан,
Көк мұнар қалың ойға шомып жатқан.
Ақ бура қабақтарын қарс жауып,
Қозғалмай мәңгі жатып, тас боп қатқан. [4]

Оқ тиіп, қансыраған бура жатқан жерінде қозғалуға шамасы келмегендіктен тасқа айналып кетеді. Ақын мифтік сюжеттерді көркемдік тәсіл ретінде Көкшенің өткенін жырлауда шебер қолданған. Ақын Көкшедегі тас, шыңдардың пайда болуын түсіндіретін мифтік құбылушылықты биік суреткерлік дәрежеде бейнелеп берген. Тауға айналу сарыны Мағжан мен Сәкен ақынның жалғасы, бүгінгі тәуелсіздік ұрпақтарының жырларынан да көрініс тауып отыр. Жас ақын Олжас Саржаев Қорғалжың тауы туралы мифті былайша жырлайды:

... – Уа, Тәңірім, Жаратқан,
Пендені өзіне қаратқан
Тыныштық беріп жұртыма,
Мені ер қып ұлтыма
Халқым мен жаудың,
Тау менен баудың
Арасын бөлген шатқалға,
Анау тұрған қатпарға
Өтпестей ешкім
Қаһарман кескін
Тау қылып мені
Жарата гөр, Тәңірім! –
Қорғалжың батыр өрелі,
Тілегін Тәңірі береді.
Содан бері денелі,
Қорғалжың тау боп келеді!

Ерекше қолтаңбасы, өзіндік үні бар келелі ақын – Алмас Темірбай қазақ танымында өрліктің, алғырлықтың символы болған қыран құсқа айналу сарынын өлеңмен былайша өрнектейді:

Мен – кісінің кейпіндегі бүркіттің,
Түлететін түйсігімді түртіп Түн.
Көлбей ұшып, зәре-құтын қашырып,
Көлеңкемен көкжалдарды үркіттім.
Қонданғам жоқ қоң етін жеп қоянның,
Тіршілікте өлексеге тояр кім?!
Томағалы басымды ұрып тұғырға,
Тоят тілеп, түнде шошып ояндым.

... Мен – келегей қара бұлттай сұсты едім,
Тұлып болды-ау түйіліп кеп түскенім.
... Ұшыр мені үстінен бір дүниенің
Құдай дейтін құдіретті құсбегім!!! [4]

Қазіргі таңда, лингвистиканың жаңа бағыты ретінде қарастырылып жүрген гендерлік лингвистиканың, гендерлік психологияның негізгі талдау объектісі – ерлер мен әйелдердің танымы, тілдік ерекшеліктері десек, дәл осы құбылыс әдебиетте, поэзияда айқын көрініс беруде. Әдебиеттегі құбылушылық сарыны авторлық таным-түсініктің, ұлттық сананың жемісі десек, сол арқылы гендерлік ерекшеліктерді де тереңнен зертеуге жол ашылуда.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. http://www.massagan.com/oleng.php?mod=akyn_olengderi&olenid=1405&akyn_id=329
2. [http://music.nur.kz/kk/501964-nazira-berdali-kar-bop-yship-kelemin-\(n-berdali](http://music.nur.kz/kk/501964-nazira-berdali-kar-bop-yship-kelemin-(n-berdali)
3. Қаскабасов С. Қазақтың халық прозасы – Алматы: Жазушы, 1984
4. http://massagan.com/oleng.php?mod=akyn_olengderi&olenid=4150&akyn_id=410

Резюме

В этой статье гендерная психология показана с использованием пример метаморфоз в литературе. Познавание и особенности языка мужчин и женщин исследуются в поэтической работе.

Resume

In this article genetic psychology is shown by using examples in the literature. Cognition and language features of men and women explored from the point of poetic works.

Özet

Bu makalede genetik psikoloji örnekleriyle birlikte detaylı bir şekilde ele alınmıştır. Kadınların ve erkeklerin dil kullanım özellikleri ile inceliklerinin anlaşılması ve analizi meselesi, bilhassa şiir dili kullanımı açısından incelenmiştir.